

## Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының кейбір нормативтік құқықтық кесімдеріне өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 82 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2000 жылғы 10 қазан N 1254 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 373 (V043400) қаулысымен (Қолданысқа ену тәртібін қаулының 2-тармағынан қараңыз).

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) нормативтік құқықтық кесімдерін "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы заңына сәйкес келтіру мақсатында Ұлттық комиссиясы **ҚАУЛЫ**  
**Е Т Е Д І** :

1. "Инвестициялық қорлардың қызметін лицензиялаудың, бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті лицензиялаудың уақытша ережелерін және Бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциялық нормативтерді есептеудің және қолданудың тәртібі туралы уақытша нұсқаулығын бекіту туралы" Ұлттық комиссияның 1998 жылғы 12 маусымдағы N 7 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін (Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік құқықтық актілер жинағы, 1998 ж., II том, 199-бет; "Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналына қосымша, 2000 ж., 2(3), 12-13-беттер):

1) қаулының аты мынадай редакцияда жазылсын:

"Бағалы қағаздар рыногындағы инвестициялық қызметтің субъектісі ретінде инвестициялық қорлардың қызметін лицензиялау қағидаларын, Бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті лицензиялау қағидаларын, Бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциялық нормативтерді есептеудің және қолданудың тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы";

2) қаулының кіріспесі "(бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады)" деген сөздер мен толықтырылсын;

3) 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бағалы қағаздар рыногындағы инвестициялық қызметтің субъектісі ретінде инвестициялық қорлардың қызметін лицензиялау қағидалары, Бағалы

қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті лицензиялау қағидалары, Бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциялық нормативтерді есептеудің және қолданудың тәртібі туралы нұсқаулық бекітілсін (қоса берілді).";

4) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жоғарыда аталған Қағидалардың және Нұсқаулықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енетіндігі белгіленсін.";

5) 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау басқармасы жоғарыда аталған Қағидалардың және Нұсқаулықтың орындалысына бақылау жасасын.";

б) аталған қаулымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 29 маусымда 529-нөмірмен тіркелген Инвестициялық қорлардың қызметін лицензиялаудың уақытша қағидаларында (Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік құқықтық актілер жинағы, 1998 ж., II том, 200-204-беттер; "Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналына қосымша, 2000 ж., 2(3) 12-13-беттер):

туынды нормативтік құқықтық кесімнің аты мынадай редакцияда жазылсын:

"Бағалы қағаздар рыногындағы инвестициялық қызметтің субъектісі ретінде инвестициялық қорлардың қызметін лицензиялау қағидалары";

к і р і с п е д е :

"инвестициялық қорлардың" деген сөздердің алдында "бағалы қағаздар рыногындағы инвестициялық қызметтің субъектісі ретінде" деген сөздермен толықтырылсын;

"Республикасында" деген сөз "Республикасының" деген сөзбен ауыстырылсын;

1-тармақ "инвестициялық қорлардың" деген сөздердің алдында "бағалы қағаздар рыногындағы инвестициялық қызметтің субъектісі ретінде" деген сөздермен толықтырылсын;

7) аталған қаулымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 29 маусымда 528-нөмірмен тіркелген Бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті лицензиялаудың уақытша қағидаларында (Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік құқықтық актілер жинағы, 1998 ж., II том, 142-146-беттер; "Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналына қосымша, 2000 ж., 2(3), 12-бет) :

туынды нормативтік құқықтық кесімнің атындағы "Уақытша" сөзі алып тасталсын;

8) аталған қаулымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 29 маусымда 530-нөмірмен тіркелген Бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциялық нормативтерді есептеудің және қолданудың тәртібі туралы уақытша нұсқаулығында (Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік құқықтық актілер жинағы, 1998 ж., II том, 147-148 - беттер ; ) :

туынды нормативтік құқықтық кесімнің атындағы "Уақытша" сөзі алып т а с т а л с ы н .

2. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енетіндігі белгіленсін.

3. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Төраға қызметі - Талдау және стратегия басқармасы осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының ( оларға осы Қаулыны өз мүшелерінің назарына жеткізу жөніндегі міндетті жүктей отырып) және "Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігінің назарына жеткізсін.

4. Ұлттық комиссия орталық аппараты Лицензиялау және қадағалау басқармасының Зейнетақыны реформалау бөлімі осы Қаулыны бағалы қағаздар рыногындағы инвестициялық қызметтің субъектісі ретінде инвестициялық қорлардың қызметті, бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті, зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың назарына жеткізсін.

5. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау басқармасы осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

*Ұлттық комиссияның Төрағасы*

*Комиссияның мүшелері*